



# Ембі ТЫНЫСЫ

№4 (134)  
СӘУІР  
2025 жыл

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

## БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз



## БЕЙБІТ КҮН – БАҒЫМЫЗ!

### ҚҰРМЕТТІ ЕМБІЛІКТЕР, САЛА АРДАГЕРЛЕРІ!

*Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні, 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні және 9 мамыр – Жеңіс күні мерекелерінен құттықтаймыз!*

Бұл атаулы күндер – еліміздің татулығы мен ынтымағының, бейбіт өмір мен жауынгерлік ерліктің айқын көрінісі.

Көпұлтты Қазақстанды мекендейтін әртүрлі ұлт пен ұлыстың өкілі бір Отанның аспанында тату-тәтті өмір сүріп келеді. Бұл – бірлік пен өзара құрметтің арқасы. Халқымыздың достығы, өзара түсіністігі мен құрметі – мемлекетіміздің берік іргетасы.

7 мамыр – еліміздің қорғаныс қабілетін нығайтып, ел тыныштығын қамтамасыз етіп жүрген ер-азаматтардың кәсіби мерекесі. Қай кезде де мемлекет қауіпсіздігі үшін аянбай еңбек етіп жүрген сала

мамандары – патриоттық рухтың биік символы.

9 мамыр – Отан үшін жанын қиған майдагерлердің рухына тағзым етіп, Жеңіс күнінің маңызын ұрпақтар жалында қалдыру күні. Бұл – еліміздің тарихындағы ерлік пен табандылықтың символы. Майдан шебіне аттанып, ел қорғаған, Жеңісті жақындатуға өлшеусіз үлес қосқан ембілік мұнайшылардың ерлігі мен еңбегі тарихтан ешқашан өшпейді. Біз әркез мақтанышпен еске аламыз, зор құрметпен тағзым етеміз!

Мән-маңызы зор осынау мерекелер құтты болсын!

Сіздерге зор денсаулық, бейбіт өмір, отбасылық амандық пен еңбекте табыс тілейміз!

Елімізде әрдайым тыныштық пен бірлік салтанат құрып, болашағымыз жарқын болғай!

Құрметпен,  
«Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы

БАСТЫ БАСЫМДЫҚ –  
АДАМ ӨМІРІ МЕН ДЕНСАУЛЫҒЫ



**Eñbekti qorgay**  
ОХРАНА ТРУДА

3 ➡➡➡

БЕРЕГЕН ЖОЛАМАНОВ КЕН АЛАҢЫ:  
кеше және бүгін



4 ➡➡➡

ПОЛИГОН ДЛЯ МИРНЫХ ЦЕЛЕЙ



6 ➡➡➡



# ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДА ҚАЗМҰНАЙГАЗ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ ЖАСТАР ФОРУМЫ ӨТУДЕ

Мемлекет басшысы жариялаған «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында ұйымдастырылған іс-шараға ҚМГ-ға қарасты 32 еншілес және тәуелді ұйымдардан 214 жас маман қатысып жатыр.

Форумды ашқан «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы Асхат Хасенов ҚМГ жұмысшы мамандықтарға және сұранысқа ие, соның ішінде мұнай-газ химиясы саласындағы жаңа кәсіптерге ден қоя отырып, кадрларды даярлау мен олардың біліктілігін арттыру жүйесін одан әрі дамыта беретінін атап өтті. Бүгінде ҚазМұнайГаз компаниялар тобында 13,5 мың жас маман еңбек етуде.

— ҚМГ компаниялар тобының Жастар форумы кәсіби дағдыларды меңгерген, саланың болашағын айқындайтын жаңа буын мамандарын даярлауға көмектесуге бағытталған. Мемлекет басшысы атап өткендей, жасанды интеллектіні дамыту



экономиканың жаңа қозғаушы күшіне айналуы тиіс. Жасанды интеллект, операциялық менеджмент, өндірістегі көшбасшылық, жүйелі ойлау мен тиімді шешім қабылдау тақырыптарындағы тренингтер жас мамандардың кәсіби тұрғыдан өсуге берік негіз болады, — деді ҚМГ басшысы.

А.Хасенов жастарды осы заманғы мүмкіндіктерді барынша пайдаланып, маман ретінде, жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуға шақырды. Оның айтуынша, жастардың жауапкершілігі мен ісіне деген адалдығы болашақта мұнай-газ саласы өркендеуінің тірегі болмақ.

Үш күндік оқу бағдарламасы аясында форумға қатысушылар өндірістік процестерді басқарудың озық әдістемелерін нақты мысалдар арқылы игеруге, цифрландыру мен жасанды интеллектті қоса алғанда, заманауи технологиялық трендтер бойынша білімдерін кеңейтуге, сондай-ақ көшбасшылық және командалық дағдыларды жетілдіруге мүмкіндік алады.

<https://www.kmg.kz>

## ҚОРШАҒАН ОРТА

«Ембімұнайгаз» АҚ және Атырау облысының әкімдігі арасында Атырау қаласының аумағын көгалдандыру, «Жасыл беллеу» жасақтау жөніндегі арнайы Меморандумға қол қойылып, соңғы 5 жылда ауқымды жұмыстар кезең-кезеңімен нәтижесін табууда.

келуінен Соколок бөгеті бұзылып, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның күшімен жасалынған «жасыл беллеу» су астында қалды. Көшеттердің 85 % жарамсыз болды.

Алайда, отандық компания

## СЕРІКТЕСТІК

## НЕТВОРКИНГ АЛАҢЫ: тәжірибе алмасу, кәсіби өсу және жаңа таныстықтар

«Ембімұнайгаз» АҚ-ның бір топ қызметкерлері Солтүстік Каспий жобасының операторы «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» (NCOC) компаниясында болды. Екіжақты кездесудің негізгі мақсаты мұнай-газ секторындағы кәсіпорындардың арасында мағыналы да сапалы нетворкингті дамыту.

Танысу мақсатындағы 2 күндік шара NCOC компаниясының Атыраудағы бас кеңсесіндегі теориялық мәселелерге арналған кеңейтілген жиынмен басталды. Мұнда NCOC компаниясының өндірістік нысандарында, нақтыласақ құрлық пен теңіз кешендеріндегі өндіріс шараларының халықаралық тәжірибеге сай жүргізіліп отырылғаны, қоршаған ортаға залал келтірмеу, еңбекті қорғау, қауіпсіздік талаптарын сақтау т.б. мәселелер кеңінен баяндалды.

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Ізмұханбет бастаған отандық мұнай өндіру компаниясының өкілдері екі жақты кездесудің екінші күнінде «Болашақ» зауытында болып, мұнай мен газды кешенді дайындау қондырғысының жұмысындағы қауіпсіздік талаптарымен кеңірек танысты. Зауыттағы күкіртті газды өңдеу барысындағы қауіпсіздік талаптарының, еңбекті қорғау мәселелерінің жолға қойылу барысы жан-жақты көрсетілді.

Айта кету керек, NCOC компаниясының ұсынысымен «Ембімұнайгаз» АҚ өкілдерінің «Болашақ» зауытында тәжірибе алмасу мақсатындағы сапарлары осымен екінші рет ұйымдастырылып отыр. Бұған дейін өндірістік-құрылымдық бөлімшелердің басшылары аталмыш нысанда болып, қауіпсіздік талаптарының орындалу барысымен танысқан болатын. Бұл жолғы тәжірибе алмасу сапарына «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты барлық басқармадағы еңбекті қорғау және өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің жауапты мамандары тартылды. [ET](#)

## ЕМБІЛІКТЕР КӨГАЛДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖАЛҒАСТЫРУДА



Жергілікті әкімшілік тарапынан Компанияға бөлінген жер учаскесінде алдымен топырақты зерттеу жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде бөлінген аумақтың 71,3 га жер телімі көгалдандыру жұмыстарына жарамды деп танылды. Сол аумаққа су жүйесі тартылып, аумақты қоршау жұмыстары жүргізілді. Жасыл желек аумағы арнайы күзет қызметімен қамтылды. Бұл жұмыстардың орындалуы мақсатында келісім құжаттары да рәсімделген. Құжатқа сай жоспарланған жұмыстар рет-ретімен жүзеге асты. Нақты сандарға жүгінсек:

2022 жылы бөлінген учаскенің 2 га жеріне 1750 түп көшет отырғызылып, олардың жерсініп,

сақталу көрсеткіші 82% құрады.

2023 жылдың көктемінде тағы да 8,5 га жерге 7 200 көшет, сол жылдың күзінде 17,5 га жерге 14 875 көшет отырғызылды. Көгалдандыру жұмыстары 2024 жылы да жалғасты. 17,5 гектар жерге 14 875 көшет отырғызылған. Осы жұмыстардың нәтижесінде **2022-2024 жылдар аралығында жалпы 45,5 гектар жерге 38 700 түп көшет отырғызылған. Бұл Атырау облыстық әкімдігінің «Ембімұнайгаз» АҚ-ға бөлген жер аумағының жасыл желекке ыңғайлы деген аумағының 64%-н құрайды.**

Өздеріңізге мәлім, 2024 жылы судың мөлшерден тыс

тарапынан көгалдандыру жұмыстары тоқтамай жалғасуда. Бүгінгі таңда Атырау облысының әкімдігі мен Компания арасында 2024-2030 жылдарға арналған Меморандум бекітіліп, Атырау қаласының 90 га жеріне, мұнай-газ өндіру басқармалары орналасқан Жылыой, Мақат, Исатай және Қызылқоға аудандарынан қосымша 20 гектар жерге де көгалдандыру жұмыстары жоспарланды. Бүгінде осы жоспарға сай жұмыстар басталып кетті.

Өткен аптада «Ембімұнайгаз» АҚ Компания басшылығы Атырау қаласының аумағында жүріп жатқан жұмыстармен танысып, көгалдандыру жұмыстарына үлес қосты. [ET](#)





КАУІПСІЗДІК

# БАСТЫ БАСЫМДЫҚ – АДАМ ӨМІРІ МЕН ДЕНСАУЛЫҒЫ

Жыл сайын 28 сәуірде Дүниежүзілік еңбекті қорғау күні атап өтіледі. Алғаш рет 2003 жылы халықаралық еңбек ұйымының бастамасымен атаулы күн бекітілген. Әлем бойынша 110-нан астам елде өтеді.

Қолайлы еңбек жағдайлары, кәсіби тәуекелдердің болмауы немесе төмен деңгейі – кез-келген кәсіпорын дамуының негізі.

Еңбек қарқындылығы, жоспарлы көрсеткіштерді жүзеге асыру еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ерекше назар аударуды талап етеді. Аталған мәселенің өзектілігіне байланысты «Ембімұнайгаз» АҚ-да осы саладағы қызметтің тиімділігін арттыруға, аварияларды, өндірістегі жазатайым оқиғаларды барынша азайтуға бағытталған шаралар қабылдануда.

Қайрат ҚҰБАЛИЕВ,  
«Ембімұнайгаз» АҚ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті өндірістік қауіпсіздік бөлімінің бастығы:



– Біздің Қоғам үшін ең басты басымдық – бұл әрбір қызметкердің өмірі мен денсаулығы. Әріптестеріміздің әрқайсысы күнделікті жұмысынан кейін отбасына аман-есен оралуы – біздің басты мақсатымыз және бұл қағидат Компания мәдениетінің негізіне айналған.

Осы жылдар ішінде Қоғамда еңбек қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастыру мен жетілдіру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізіліп, жақсы өзгерістерге ұшырады. Жұмыс орындарында қауіпсіздік деңгейін арттыру, оқыс оқиғалардың алдын алу және өндірістік тәуекелдерді барынша азайту бағытында бірқатар жұмыстар жүзеге асырылды. Сонымен қатар, қызметкерлер арасында қауіпсіз еңбекке деген көзқарасты күшейту мақсатында жүйелі түрде түсіндіру жұмыстары жүргізіліп келеді.

Еңбекті қорғау жұмыстары бойынша осы жылдар ішінде жұмыскерлердің жеке қорғаныш киімдеріне қатысты біздің ұсынысымызбен бірқатар өзгерістер енгізілді. Бұрын тек жазғы және қыстық киімдер берілетін болса, күзгі және көктемгі маусымдарға лайықты киімдердің жоқтығы қызметкерлерге қолайсыздық тудыратын. Осы мәселені шешу мақсатында, қыстық киімдердің ішінен киілетін қосымша жылы кеудеше тігуді ұсынып, бұл бастама бүгінде ҚазМұнайГаз компаниялар тобы аясында кеңінен қолданысқа енгізілді.

Сонымен қатар, баршамыз үшін қиын сынақ болған COVID-19 пандемиясы кезінде ең ауыр жауапкершілік еңбек қорғау саласына түсті. Бұл кезеңде қызметкерлердің денсаулығы мен өмірін сақтау басты міндетімізге айналды. Қиын-қыстау сәттерде біз уақытпен санаспай, күндіз-түні тынымсыз еңбек еттік. Вахталық әдіспен жұмыс жасайтын қызметкерлердің бөгет бекеттерден өту тәртібін ұйымдастыру, жұмысқа кірер алдындағы ПЦР-тестілерді дер кезінде өткізу, сондай-ақ дене қызуы көтерілген қызметкерлерді дереу анықтап, инфекциялық орталықтарға уақытылы жеткізу жұмыстарын жоғары жауапкершілікпен атқардық. Бұл жұмыстардың барлығы қызметкерлер арасында аурудың таралуын азайтып, өндіріс процесінің тоқтап қалмауына мүмкіндік берді.

**Дүниежүзілік еңбекті қорғау күніне орай табысты еңбектерімен топ жарған бір топ ембілік қызметкерлер мен ардагерлер жоғары марапаттарға ие болды.**  
«Ембімұнайгаз» АҚ Өндірістік қауіпсіздік бөлімінің бастығы Қайрат Құлбалиев «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Құрмет грамотасымен, Қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімінің бастығы Ақмарал Бохаева төс белгісімен, Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі аға инженер Әлібек Ізмұханбетов «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Ағыс хатымен марапатталса, ұзақ жылдар Ембі өндірісінде еңбек етіп, отандық мұнай өндіруші компанияның дамуына үлес қосқан ардагерлер Мұрат Бигалиев пен Сақыпжамал Таңбаева төс белгілермен ұлығыланды.

## ҮНДЕУ

### ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР ЖӘНЕ БИЗНЕС-СЕРІКТЕСТЕР!

*Мұнай-газ саласы ауыр жұмыс санатына жатады. Біз жауапкершілігі мен қауіптілігі қатар жүретін жұмыстарды атқарумен, ел экономикасының дамуына зор үлес қосып келеміз.*

*28 сәуір – Дүниежүзілік еңбекті қорғау күні. Бұл күн, әлем бойынша еңбекті қорғаудың маңыздылығын тағы да еске салады.*

*«Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамы әрбір әріптесіміздің денсаулығы мен өміріне, оның қауіпсіз еңбек етуіне басымдылық береді.*

*Ұжымдық жауапкершіліктің негізінде қауіпсіз жұмыс ортасын құру арқылы, Компания мәдениетін қалыптастырамыз.*

*Еңбек қауіпсіздігі саласындағы жетістіктерімізбен тоқтамай, осы бағыттағы жұмыстарымызды арттыруымыз қажет. Өйткені, біз үшін әрбір адамның жұмыс орнынан үйіне аман-есен оралуы өте маңызды.*

*Қауіпсіздік – өзімізден басталады.*

*Сол үшін Сіздерді қауіпсіздік ережелерін қатан сақтауға шақырамын!*

*Сіздерге және отбасыларыңызға денсаулық пен амандық тілеймін.*

*Ұмытпаңыз, сізді отбасыңыз күтіп отыр!*

Ринат ІЗМҰХАНБЕТ

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры



**Еңбекті қорғау**  
ОХРАНА ТРУДА

Ақмарал БОХАЕВА,  
«Ембімұнайгаз» АҚ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаменті қауіпсіздік және еңбекті қорғау бөлімінің бастығы:



– Еңбек қауіпсіздігін сақтау – бәрімізге ортақ міндет. Әр адам жұмысқа келгенде артында отбасы күтіп отыратынын ұмытпауы тиіс. Ол бала-шағасына, ағайын-тумасына аман-есен жетуін әркез есінде сақтаса, еңбек қауіпсіздігінің маңызын түсінеді.

Қызметкерлеріміздің қауіпсіз еңбек шарттарын қамтамасыз ету «Ембімұнайгаз» АҚ-ның ең басты құндылығы екені баршаңызға мәлім. Осы мақсатқа жету үшін Қоғамда өндірістің барлық деңгейлерінде еңбек қауіпсіздігін, қызметкерлердің денсаулығы мен әл-ауқатын қамтамасыз етудегі іс-шаралар өз деңгейінде жүргізілуде.

Біздің компания әрқашан еңбек қауіпсіздігін басты назарда ұстайды. Қызметкерлердің кәсіби шеберліктерімен қатар, қауіпсіз жұмыс істеуге деген ұмтылыстары – ортақ табысымыздың кепілі. Қауіпсіз еңбек – берекеді өмірдің негізі.

Дархан ҚАЙЫРЛИЕВ,  
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ Б.Жоламанов кен алаңының еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі инженері:



– «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мен «Ембімұнайгаз» АҚ-ның «Өмірлік маңызды қағидаларына» сәйкес жұмыс жасаймыз. Негізгі басты мақсатымыз – адамдардың амандығы.

Қызметкерлердің үйінен шығып, вахтаға келуі және кейін үйіне аман-есен оралуын қамтамасыз ету – біздің жұмысымыздың негізгі принципі.

«Қайнармұнайгаз» МГӨБ бүгінгі таңға дейін 2918 күн жарақатсыз, көлденең оқиғасыз жұмыс жасап келеді.

Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі инженерінің жұмысы қызметкерлердің ауысым алдындағы медициналық тексеруден өтуін бақылаудан басталады.

Жұмыс орнына келгеннен кейін нұсқама өтуін, қауіпті жұмыстарға, от жұмыстарына наряд-рұқсаттың берілуін қадағалаймыз. Жұмысшылардың жеке қорғаныс киімдерінің бүтін, талапқа сай болуын күнделікті қадағалаймыз. Жұмыс орындарында, нысандарда еңбек қауіпсіздігі, техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі, электр қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау бойынша талапқа сай жұмыс жасауын талап етіп, тексеріп жүреміз.

Сонымен қатар, өндірістегі бизнес серіктестердің де нұсқамадан өтуін, жұмыс орындарының талапқа сай болуын тексереміз.

Өйткені, ең маңыздысы – адамдардың амандығы.



«ҚАЙНАРМҰНАЙГАЗ» МГӨБ-30 ЖЫЛ

# БЕРЕГЕН ЖОЛАМАНОВ КЕН АЛАҢЫ: кеше және бүгін

«Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының құрылғанына биыл – 30 жыл. Айтулы белеске ауқымды мақсат, нақты жетістіктермен қол жеткізген басқармадағы кен алаңдары қатарында мұнай саласының өрістеуінде өзіндік із қалдырған Береген Жоламанов есімін иеленген кен алаңының алар орны бар. Үш онжылдықты артқа тастаған басқарма құрамындағы аталған кеніштің бүгінгі бейнесін саралаумен қатар, даңқты мұнайшы туралы да сөз қозғауды жөн көрдік.

## АЙШЫҚТЫ ҚОЛТАҢБА

Береген Жоламанов – КСРО барлау ісінің үздігі, майталман мұнайшы-барлаушы. Атырау қаласы маңындағы балықшылар мекені – Курилкино ауылында 1941 жылы 6 мамырда дүниеге келген. Әкесі Жексен соғыс өрті даланы шарпып, ел азаматтары майдан даласына аттанғанда, сол лектің ішінде кетеді. Майдангер жорық жолында Сталинградты қорғағандар қатарындағы шайқастарға дейін қатысып, алғашқылардың бірі болып кетіп, жеңіс туы атқаннан кейін ғана туған жерге табан тірейді. Осылайша, соғысқа кеткен азаматтың артында қалған жары Қытайы балаларды бағып-қағумен қатар, ерінің орнына балық қорғау саласына жұмысқа тартылады.

Алғырлығы болса керек, мектепте оқыған кезде де қатарларының алды болып, үздіктер қатарынан көрінген бала Берегеннің білімге деген құштарлығы, жаңа, тың тақырыптарды білу, зерттеуге деген құштарлығы оны білім жолында үлкен белестерге бастады. М.Ломоносов атындағы орта мектепті тәмамдаған соң, таңдауы мұнай техникумына түсіп, Гурьев политехникумында дәрістерді меңгерумен қатар, өндірістік практикалардан қол үзбей, салаға қатысты білімін тәжірибемен ұштастыра түседі. Сабақтағы жақсы жетістіктері себеп болып, Құлсары бұрғылау кеңсесінде алғаш еңбекке араласқан кезде жігерлі жастың жоғары оқу орнында білім алуы үшін жолдама беріліп, Мәскеудегі И.Губкин атындағы мұнай-газ институтында оқиды. Елден жырақта, жат ортада жүрсе де, білімге деген құштарлығы «қаражат тапшы, жатын орын жайсыз» деген себептерге қарайлатпастан, өз саласын толық түсініп, меңгерген алғыр студенттер қатарында болуына септігін тигізді.

Еңбек жолын бұрғышының көмекшісі болып бастаған ол салалық жоғары оқу орнын тәмамдап келген соң, Солтүстік Үстірт мұнай барлау экспедициясында бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, «Атыраумұнайгазгеология» өндірістік бірлестігінің Солтүстік Үстірт, Оңтүстік Ембі, Каспий маңы, Солтүстік Ембі мұнай барлау экспедицияларында аға инженер, бас инженер, бастық, 1993 жылдан «Қайнаркөз» акционерлік қоғамының президенті болып еңбек етті. Еңбек жолында Атырау және Маңғыстау өңіріндегі 4 ірі экспедицияны басқарған

білікті басшы «ҚР еңбек сіңірген өнеркәсіп қызметкері», «ҚР кен орындарын алғаш ашушы», «Жер қойнауын зерттеу ісінің



Береген Жоламанов өндіріс басына арнайы келген басшыларға жұмыс барысын таныстыруда. (Фотосурет отбасының жеке мұрағатынан алынған)

үздігі» және басқа да салалық марапаттарға ие болды.

Жасы 29-да болғанда іргелі құрылым Солтүстік Үстірт мұнай барлау экспедициясының тізгінін ұстап, үлкен жауапкершілікті мойнына алған Береген Жексенұлы басшы ретінде шебер ұйымдастырушылық қырын көрсете білді. Мұнайшылар ауылы ретінде бой көтерген Үстірттегі Каменный поселкесінің құрылу, аяққа тұруы, мектеп, балабақша сияқты әлеуметтік нысандары салынып, инфрақұрылымдық жүйелерінің жасалуы сияқты жұмыстарды да жіті назарында ұстап, ел мүддесі жолында аянбай еңбек етті.

Сол бір шақтарды есіне алған жары Жолдықыз Ниязқызы: «Жаңаның аты жаңа емес пе, ауылдың енді құрылған шағы, жетіспейтін тұстары көп. Өзінің негізгі жұмысымен қоса, әлеуметтік жағдайды да үнемі назарында ұстады. Жан-жақтан келген мамандардың үйлерге орналасуы, балаларының мектеп, балабақшаға алынуы, жол салу, тіпті, келім-кетім кісі көп, қонақ үй есебіндегі нысан салу жұмыстарының да басы-қасында өзі жүрді. Өте талапшыл, жұмысын бірінші орынға қоюшы еді. Алайда, бұл мінезі қатты болды деген сөз емес. Керісінше, қолынан келген көмегін аямайтын, көпшіл, әзілқой жан-ды. Үйімізден қонақ арылмайтын. Шаршауды білмейтін. Өндірістерді аралап, уақытпен санаспай жүреді, сол кездерде түннің бір уағында келсе де, таңғы ұйқыдан оянып, жұмысқа уақытында баратын еді» дейді.

Анасының сөзін жалғаған ұлы Мұхтар Берегенұлы да: «Әкеміз аса жауапты лауазымды лайықты деңгейде атқарумен қатар, қолындағыны аямайтын, жол сұрағанға жөн сілтер,

көмек сұрағанға қол ұшын сазар азамат болды. Өзі еш атақ-даңққа қызығып, ұмтылған емес. Өмірден өткеннен кейін ғана қанаттас қызмет атқарған әріптес ағалар мен жақсылығын көрген жандардың бастамасымен көптеген іс-шаралар атқарылды.

Естеліктерді ой елегінен өткізген кезде, әкеміздің қас-қабағына қарайтынымыз ойыма оралып отыр. Ол үйге кірген сәтте бірден көңіл-күйін бағамдаймыз. Көңілі, жадыраңқы болып келсе, біз де асыр саламыз. Ал, тип-тыныш келсе, біз де сөйлеміз. Көп оқитын, ізденісте жүретін. Жұмыс күні өз алдына, демалыс күндерінде де таңда тұрып, кітап оқып, жазу жазатынын көріп өстік. Бұрғылауға қатысты есеп-қисаптар жасаумен қоса, ғылыми мақалалар жазды. Өзінің болмысымен-ақ бізге үлгі болды. Әке салған сара жолды мен де жалғап, тау-кен инженері мамандығын меңгердім. Осы салада еңбек етіп, қазір зейнет жасына жеттім» деді бізбен сұхбат барысында.

Принципшіл, талапшыл басшы, теориялық, практикалық қабілеттерін терең бұрғылау жұмыстарында көрсете білген, саналы ғұмырын туған өлке қойнауына жасырынған қара алтын қорын ел игілігі жолында жұмсауға сарп еткен білікті маман Арыстан, Каменное, Прорва, Боранқұл, Тортай, Забурын, Сазанқұрақ, Имаш, Орысқазған, Жаңаталап, Мартыши, Қырықмылтық, Солтүстік Жолдыбай кен орындарының ашылуына үлес қосқан.

Б.Жоламанов өз саласын жетік меңгерумен қатар, қоғамдық өмірден де тыс қалмады. Оған дәлел – бірнеше рет Балықшы аудандық, Атырау қалалық кеңестерінің депутаты болып сайлануы.

## БҮГІНГІ БЕЙНЕ

Жазбамызға арқау болған, алғашында Орысқазған аталған кен орны – Каспий маңы ойпатының оңтүстік-шығыс жағалауындағы кен алаңы. Атырау қаласынан солтүстік шығысқа қарай 230 шақырым жерде орналасқан, 1979 жылы ашылған, 1986 жылдан бері пайдаланылуда. 2001 жылдың 14 қыркүйегіндегі Үкімет қаулысына сәйкес, аталған кен орнына Береген Жоламанов есімі берілген.

Ол кезде «Қайнармұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасы жоқ болғандықтан, кеніш «Мақатмұнайгаз» басқармасына қараған. Алғашқы жылдары қиындықтар жетіп артылатын: жол жоқ, қатынас қиын. Жұмысшылардың тауарлы пойыздармен қатынаған, киіз үйде жатқан кездері қазір артта қалған. Ембі өндірісінің өрістеуіне үлес қосып келе жатқан кен алаңының бүгінгі бейнесі мүлдем басқа.

Бекітілген жылдық мұнай өндіру жоспары 45, 869 мың тонна, газ өндіру жоспары 1 605, 415 мың м3 көрсеткіштерді орындау жолында кен орнының қызметкерлері тер төгуде. «Айлық жоспар орындалуда. Өндіруші қорда 42 ұңғыма, сіңіру қорында 3 ұңғыма бар. Кен алаңында мұнай-газ өндіру цехымен қоса, мұнай дайындау және айдау, ұңғымаларды жерасты жөндеу, зерттеу жұмыстары цехтары, арнаулы техника және автокөлік колоннасы бар. Жұмысшылар күнделікті жұмыс алдында дәрігерлік тексеруден өтеді. Қан қысымы тексеріледі.

Сонымен қатар кен орында арнайы жедел жәрдем және өрт сөндіру командасы бар. Әр ай сайын әр түрлі тақырыпта жедел жәрдем және өрт сөндіру командалардың қатысуымен 2-3 оқу жаттығу сабақтары өтеді.

Түрлі қызметтер көрсету саласындағы бизнес серіктестерді қосқанда, барлығы 70-ке жуық қызметкер еңбек етуде» дейді бізге кен алаңының тыныс-тіршілігін таныстырған Береген Жоламанов мұнай-газ өндіру бөлімшесінің бастығы Асхат Агисов. Жүйелі жұмыс процесіне тербелмелі қондырғылар, электробұрандалы сораптар, үшеуі мұнайға арналған, біреуі суға арналған қазандар үлес қосуда.



Зерттеу жұмыстары цехының ұңғымаларды зерттеу операторы Эльмира Мырзағали аталған кен алаңында 2006 жылдан бері еңбек етіп келеді. «Жұмыста түрлі жабықтар қолданамыз. Жер астына тереңдік монометрлерін жіберу арқылы қабаттың қысымын, температурасын анықтаймыз. Бұл мамандықты таңдағаным еш өкінбеймін. Ұңғымадағы сұйықтықтың динамикалық, статикалық деңгейін, қысымын өлшейміз. Жалпы алғанда ұңғымаларға гидродинамикалық зерттеу жұмыстарын жүргіземіз» дейді ол. Компания тәжірибесінде өз тиімділігін дәлелдеген жобалардың бірі – Дуалды оқыту бағдарламасы. Соның аясында тәжірибеден өтуге келген Асыланбек Жолдыбай – тағылымгердің бірі, бұл бастаманың үлкен мүмкіндік екенін атап өтті.



Ал, 20 жыл еңбек өтілі бар, мұнай айдау және дайындау цехының химиялық талдау лаборанты Гүлдана Декеева: «Өзімнің қалауым осы сала болғандықтан, қызметімді жақсы көремін. Жұмыс процесіне қажетті құрылғылармен толық қамтылған. Уақыт талабына сай, мұнай сапасын арттыру үшін қажетті заманауи аппараттар келеуде. Оларды қолдану үшін «Ембі оқу орталығына» арнайы курстарға оқуға жіберіліп, сертификат аламыз. Техника қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтай отырып, уақытылы, сапалы жұмыс жасауға талпынамыз, ал ол үшін қолайлы жағдай жасалған» дейді. Әріптесі, осы цехтың химиялық талдау лаборанты Еркебұлан Қалымжан – Дуалды оқыту бағдарламасы нәтижесінде жұмысқа алынған жас маман. Ол да тауарлы мұнай сапасын бақылау жолында жасалатын жұмыс процесімен таныстырды.

Кен алаңында әкімшілік ғимарат, асхана, жатақхана бар, әлеуметтік нысандардың барлығы да 2020 жылы толық күрделі жөндеуден өткен. Қызметкерлердің салауатты өмір салтын ұстануына қолайлы жағдай жасау мақсатында 2023 жылы спорт алаңы салынған. Жабық нысанда бильярд, теннис, тренажерлық құрылғылар және жүгіру жолағы бар. Жұмысшылар 14 күндік вахталық ауысыммен жұмыс жасайды. Мамандардың айтуынша, техникалар жеткілікті, жұмысшыларды тасымалдайтын автобус, авариялық-құтқару жұмыстарына арналған арнаулы көлік, жер қазатын тракторлар, дәнекерлеуші агрегаттар бар. **ЕТ**





## ПРОЕКТ

АО «Эмбаунайгаз» уделяет внимание всестороннему развитию своих сотрудников, в том числе – их способности обучать других с применением навыков коучинга. С этой целью в компании стартовал новый проект «Школа внутренних тренеров». Он направлен на развитие компетенций наставников у персонала.

незаинтересованных участников и в целом – большой и целенаправленной работы над собой.

Все участники, а это 25 человек из 6-ти структурных подразделений формируют пул внутренних тренеров, которые могут изучить и донести до персонала компании любую, ак-

туальную на сегодняшний день, тему. В простой и доступной форме они объяснят коллегам стоящие перед компанией задачи, тем самым вовлекут их в реализацию.

Кандидаты в пул будущих тренеров проходят теоретический курс от ведущих казахстанских

коучей, после чего выполняют практические задания, которые помогают сформировать тренерские навыки. В межмодульный период они пользуются онлайн-поддержкой своих наставников, а по завершении обучения защитят тренерские проекты.

# ШКОЛА ВНУТРЕННИХ ТРЕНЕРОВ: ПРОВОДНИКИ ИДЕЙ



«Школа внутренних тренеров» состоит из 5-ти двух-трехдневных модулей, которые пройдут в разных городах Казахстана: Атырау, Алматы, Астане и Боровом.

В ходе занятий «моделируется» способность работников проводить обучение персонала по тематике, актуальной для компании: передовые технологии производства, устойчивое развитие, экодружелюбие, бережное отношение к ресурсам, социальная ответственность и другие.

Быть тренером по темам, актуальным для современного нефтедобывающего предприятия, непросто. Эта деятельность требует умения установить контакт с аудиторией, отточенных ораторских навыков, способности расположить к себе даже самых



Достаточно сказать, что мастерству публичных выступлений будут обучать профессиональные актеры, а в процессе участники осваивают навыки сторителлинга – искусства логически и захватывающе раскрывать любую тему, умение отвечать на неудобные вопросы, удерживать внимание и не теряться перед публикой.

Выпускники «Школы» станут проводниками идей, которые необходимо каскадировать от руководства коллективу компании, вплоть до самых низов. На их плечи ложится важная миссия объединения персонала вокруг стратегии компании, что имеет прямое влияние на слаженность работы и соблюдение единых принципов деятельности. **ЕТ**

## МОШЕННИКИ!

### ЕСЛИ ВАМ ЗВОНЯТ

#### ИЗ БАНКА



И УВЕРЯЮТ, ЧТО НА ВАС В ДАННЫЙ МОМЕНТ МОШЕННИКИ ОФОРМЛЯЮТ КРЕДИТ

#### из КНБ и других правоохранительных органов



И УВЕРЯЮТ, ЧТО С ВАШЕГО СЧЕТА БЫЛИ ПЕРЕВЕДЕНЫ ДЕНЕЖНЫЕ СРЕДСТВА НА ТЕРРОРИСТИЧЕСКИЙ СЧЕТ ИЛИ ЖЕ ПРОСЯТ ОКАЗАТЬ СОДЕЙСТВИЕ В ПОИСКЕ МОШЕННИКОВ

#### МОБИЛЬНЫЕ ОПЕРАТОРЫ



И УВЕРЯЮТ, ЧТО СРОК ДЕЙСТВИЯ ВАШЕЙ СИМ-КАРТЫ ИСТЕКАЕТ И ЧТО ВАМ НЕОБХОДИМО ЕГО ПРОДЛИТЬ

**НЕЗАМЕДЛИТЕЛЬНО КЛАДИТЕ ТРУБКУ** и перезвоните на горячую линию банка, 102, колл-центр оператора связи



Если вам звонят и говорят, что ваш родственник попал в беду **НЕ ПАНИКУЙТЕ, кладите трубку, и свяжитесь с родственниками и полицией**



**НЕ ПЕРЕХОДИТЕ** по сомнительным ссылкам Если знакомый или родственник просит деньги в долг **ПЕРЕЗВОНИТЕ И УБЕДИТЕСЬ** так ли это



**НИКОГДА! НИКОМУ!** не сообщайте код из SMS и другие персональные данные касательно ваших счетов и карт

УСТАНОВИТЕ ЗАПРЕТ НА ОФОРМЛЕНИЕ КРЕДИТОВ ЧЕРЕЗ ПРИЛОЖЕНИЕ **EGOV MOBILE**



ДОБРОВОЛЬНЫЙ ОТКАЗ ОТ ПОЛУЧЕНИЯ БАНКОВСКИХ ЗАЙМОВ

АВТОРИЗУЙТЕСЬ УСЛУГИ НАЛОГИ И ФИНАНСЫ

## АКТУАЛЬНО

# КАК ЗАЩИТИТЬ СЕБЯ ОТ ИНТЕРНЕТ-МОШЕННИКОВ?

Как не стать жертвой киберпреступников и какие меры безопасности могут защитить от интернет-мошенников? Актуальная тема была обсуждена на встрече оперуполномоченного Управления по противодействию киберпреступности департамента полиции Атырауской области Расула Жолдаса с работниками НГДУ «Жайыкмунайгаз» АО «Эмбаунайгаз».

Наряду с распространенными методами интернет-мошенничества, такими как размещение онлайн объявлений и обзвон граждан от имени сотрудников специальных и правоохранительных органов, финрегуляторов и банков второго уровня, торговля на бирже, казино и другие, набирают обороты новые схемы обмана людей, такие как фишинг, целью которой является получение доступа к конфиденциальным данным пользователей – логинами паролям; Deepfake Phishing – основанная на использовании технологий искусственного интеллекта (AI) для создания поддельных аудио и видеозаписей; Whaling – фишинговая атака, направленная на руководителей больших организаций, где злоумышленник выдает себя за начальника, чтобы побудить сотрудника (жертву) совершать платежи или делиться информацией (конфиденциальными или персональными данными), рассказал представитель полиции.

Оперуполномоченный рассказал также о дропперах – посредниках, которые служат инструментом для достижения мошеннических целей. Расул Жолдас ответил на заданные вопросы и призвал нефтяников быть бдительными, чтобы не стать жертвой интернет-преступников.

Аналогичная встреча прошла и в центральном аппарате управления, а также в НГДУ «Жылыоймунайгаз». **ЕТ**





**«Ембімұнайгаз» АҚ-ның Бас кеңсесінде 2025 жылдың 1-тоқсанының қорытындысында қауіпсіздік пен өнекті қорғау көрсеткіштерінің орындалысы бойынша комитет отырысы болды. Әр тоқсан сайын ұйымдастырылатын комитет отырысында Ембі өндірісінің тыныс-тіршілігі жан-жақты әңгіме өзегі болады. Осы комитет жиынында бизнес серіктестері бас қосып, ағымдағы жылдың алғашқы тоқсанындағы жұмыстарына есеп берді.**

Жиын 28 сәуір - Дүниежүзілік еңбекті қорғау күніне орай «Самұрық-Қазына» басшысы Нұрлан Жақыповтың және «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Ринат Ізмұханбеттің Үндеулерінен басталды.

Комитет жиынындағы алғашқы есеп «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты 31 кеніштегі еңбекті қорғау, өндірістік қауіпсіздік талаптарының сақталу жөйіне арналды. Компанияның Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Әнуарбек Каримов биылғы жылдың 1-тоқсаны бойынша нәтижесін тапқан іс-шаралар бойынша кеңейтілген есебін берді.

Соңғы 5 жылда Ембі кен алаңдарында жол-көлік оқиғасының динамикасы айтарлықтай төмендеген. Нақтыласақ, 2022 жылдың қаңтар айынан кейін «Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты

«Сапарларды басқару» жобасының тиімділігі деп бағалады.

Жазатайым оқиғалардың да динамикасының соңғы 5 жылда төмендегендігі байқалады. Бұл бағытта Компанияның мақсаты – нөлдік көрсеткішке қолжеткізу.

Комитет отырысына қатысқан бизнес серіктестердің де аталмыш мерзім ішіндегі жұмыстары тыңдалды. Бүгінгі таңда Ембі өндірісінде 173 бизнес серіктес қызмет етуде. Өндірістік нысандарда бизнес серіктес кәсіпорындардың 5 мыңнан астам адамы еңбек етіп жатыр. 2025 жылдың 1-тоқсанында бизнес серіктестер тарапынан анықталған бұзушылықтар дерегі көңіл көншітерлік емес.

Айтылған мерзім ішінде бизнес серіктестер тарапынан 854 бұзушылық анықталса, бүгінде оның 612-сі ғана жойылған. Бұл - 72% құрайды. Өткен жылы дәл осы мерзім ішінде бұзушылықтар орнын толықтыру 92% құраған болатын. Демек, бизнес серіктестер тарапынан бақылауды күшейту қажет.

Бизнес серіктестер өз тараптарынан кеткен бұзушылықтың себептерін, қазіргі кезде оны жою жолдарын қалай шешіп жатқандығы жөнінде қысқаша есептерін бере кетті.

Комитет жиынында «Ембімұнайгаз» АҚ кен алаңдарындағы нысандарда өрт қауіпсіздігін болдырмау шаралары бойынша арнайы презентация тыңдалды.

Бүгінгі таңда Ембі кеніштерінде орын алып отырған кемшіліктер:

- тиісті емес жерлерде темекі тарту,

транспорт бойынша қозғалыс жол-көлік оқиғасы тіркелмеген. Мұны баяндамашы Компанияда іске қосылған



- қолдан жасалған электро қондырғыларды пайдалану (чайник, ұзартқыш қондырғылары),

- өндірістік нысандардың айналасын өрттен сақтау шаралары – тазалық жұмыстарының уақытылы жүргізілмеуі (өрттің тұтануына қауіпті кеуіп кеткен шөптерден тазалау т.б.).

Комитет жиынында екінші тыңдалған презентация – өндірістегі адамдардың денсаулығын сақтау мәселесіне арналды. 2024 жылы ұйымдастырылған медициналық

бақылаудың қорытындысы көпшіліктің назарына ұсынылды.

Қазіргі таңда өндірісте еңбек ететіндердің 30%-да жүрек-қан тамырлары дерті, 22%-да эндокриндік аурулар, 16%-да тамақ қорыту жүйесінің зақымдануы, 8%-да нерв жүйелері мен 2% өзге де дерт түрлері анықталып отыр. Нақты деректерге сүйенген дәрігер маман денсаулық сақтау мәселесіне әрбір адамның өте жоғары жауапкершілікпен қарауы керектігіне тоқталды. Жоғарыдағы сандар осыны дәлелдейді.

Комитет жиынының соңында 2025 жылдың міндеттері сараланды. Атап айтсақ,

**1. «Ембімұнайгаз» АҚ және Бизнес серіктестер арасында «Мен сақтанамын» қағиаласымен «Еңбек қауіпсіздігі мәдениетін» нығайту;**

**2. Компания және Бизнес серіктес басшыларымен бірлесе отырып, өндірістік бақылауды күшейту;**

**3. Жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында «СТОП карта» жүйесін енгізу;**

**4. Ұңғымалар құрылысының барлық маңызды учаскелерін газ талдағыштармен қамтамасыз ету;**

**5. Өрт қауіпсіздігі саласындағы кешенді іс-шаралар жоспарын орындау;**

**6. «Жол - көлік оқиғасын тоқтату» науқанды шарасын іске асыру;**

**7. «Ембімұнайгаз» АҚ және Бизнес серіктестер қызметкерлерінің 30% конвинсер арқылы оқыту;**

**8. «Ембімұнайгаз» АҚ және Бизнес серіктестер арасында «Жаскөшбасшылар» командасын құру.**

«Бұл – ортақ мақсат, оны бірлескен іс-әрекеттің нәтижесінде ғана толық орындай аламыз», – деген пікірмен Комитет өз жұмысын қорытты.

## РЕПОРТАЖ

**При финансовой поддержке АО «Эмбаунайгаз» в Атырау строится уникальный учебно-производственный полигон для Атырауского университета нефти и газа им. С. Утебаева (АУНИГ). Данный проект реализуется в рамках исполнения обязательств контрактов о недропользовании.**

**На площадке возводится мини-образец нефтегазодобывающего управления с полным циклом производственных процессов – от разведки недр до переработки нефтепродуктов. На полигоне студенты АУНИГ получают возможность подкреплять теорию практикой, «испытывать» свою готовность к работе на производстве, проводить собственные научные исследования.**

О ходе строительства значимого объекта подготовки кадров для нефтяники мы узнали, побывав на площадке полигона. Старт проекту был дан в 2021 году, когда между ЭМГ и АУНИГ был заключен Меморандум о сотрудничестве. С тех пор связка производство-вуз, Эмбаунайгаз-университет становилась все прочнее. Строительство реалистичной модели НГДУ под открытым небом – на сегодняшний день самый крупный из реализованных совместных начинаний.

На территории учебно-производственного полигона, которая составляет 2 гектара, кипит работа. Если один из участков озаряют всполохи сварки, то на другом рабочие укладывают брусчатку, а поодаль их коллеги уже ровняют землю под асфальт.

Строительство 15 учебных объектов, спроектированных на основе технологий производства в ЭМГ, практически завершено, говорят строители. После ввода объекта студенты под руководством пре-

подавателей смогут отрабатывать здесь профессиональные навыки и решать реальные производственные задачи, оттачивать свои знания на современном оборудовании с полным погружением в рабочую атмосферу. Здесь можно будет проводить не только практические занятия, но и вести научные исследования.

- Строительство учебно-производственного полигона началось во втором полугодии 2024 года. На сегодняшний день завершено 70% строительно-монтажных



## ПОЛИГОН ДЛЯ МИРНЫХ ЦЕЛЕЙ

работ. Пробурены две скважины глубиной 80 и 20 метров для выработки навыков проведения подземного ремонта, построено 15 учебных площадок, на которых студенты будут отрабатывать практические навыки по выбранным специальностям. Здесь создаются возможности для подготовки таких востребованных специалистов как электрогазосварщики, токари, сварщики, машинисты, операторы и другие. Сдача объекта в экс-

плуатацию планируется к концу текущего года, – рассказывает начальник отдела капитального строительства ДКС АО «Эмбаунайгаз» Саламат Мукашев. – Как выпускник АУНИГ по специальности «инженер-строитель» я очень рад, что принимаю участие в строительстве такого объекта. Он нужен не только университету, но и нефтяному региону, и отрасли в целом.

Строительство учебно-произ-

водственного полигона осуществляет ТОО «Егеменді Құрылыс». Прораб Кенес Габбасов показывает административное здание, в котором будут расположены лаборатория химического анализа, учебные кабинеты, кабинет техники безопасности, душевые комнаты.

– Работы в главном корпусе также уже на стадии завершения. Закуплена мебель, осталось ее собрать. Проведено внутреннее и наружное освещение. Предстоит установить видеонаблюдение и систему оповещения. Сейчас занимаемся благоустройством территории, укладываем брусчатку, перед офисом будут насажены клумбы с цветами. На многих участках работы идут с опережением графика, при этом осуществляется постоянный надзор за качеством строительства, – говорит К. Габбасов.

После ввода учебно-производственного полигона в эксплуатацию АУНИГ станет первым высшим учебным заведением в Казахстане, располагающим такой высокотехнологичной базой для формирования практических навыков у выпускников. Проект придаст уверенности дипломированным специалистам на старте их трудового пути, а нефтегазовой отрасли – новый импульс готовности коллектива решать поставленные задачи.

Символично, что строительство объекта ведется в Год рабочих профессий. Реализуя столь масштабный проект, Эмбаунайгаз разделяет видение будущего, в котором специалисты реального сектора будут главной движущей силой, опорой экономики. **ЕТ**





**Біз Жеңіс күнін жақындатуға зор үлес қосқан ембілік мұнайшыларды әрқашан ерекше мақтанышпен және зор құрметпен еске аламыз. Сұрапыл жылдарда жоспарды 250 пайызға орындаған мұнайшылардың қайсарлық пен отансүйгіштіктің үлгісіндегі еңбек ерлігі біздің жалымызда мәңгі сақталады.**

#### ЕМБІДЕН – МАЙДАНҒА

Ел шетіне жау тиген шақта қолына қару алып, майдандаласына аттанған азаматтардың орнын жоқтатпай, мұнай кәсіпшіліктерінде жұмыс істеуге қалғандардың үлесіне еңбек майданындағы ауыр сынақтар түсті. Соғыс жылдары Ембі мұнайшылары Украина мен Кавказда қираған кәсіпшіліктерді алмастырды. Сол жылдары ұйымдастырылған майдан бригадалары қажеттілікке қарай, қара алтын өндіру жұмыстарына жапай үлес қосты. Тіпті, уақытпен санаспай жұмыс жасап, ортақ мақсатқа ұмтылды. Өндірілген Ембі мұнайының жеңіл әрі таза болғаны сонша, майданда оны танк бактарына бірден құйған.

Дауылпаз ақын Асқар Тоқмағамбетовтың еңбеккерлермен кезекті диалогсынан кейін туындаған «Мұнайшылар, мұнай бер!» жалынды жыры үгітшілердің көмегімен жан-жаққа таралған соң, бір топ доссорлық жас мұнайшылар Ленинград қаласының қаһарман қорғаушыларына ерекше сый әзірлеу туралы шешім қабылдайды. Осылайша, жоспардан тыс өндірілген бір эшелон мұнай майданға аттындырылмақ болады.

Алайда, айтуға оңай болғанымен, бұл үлкен күшті қажет ететінді. Сол кездегі жазбаларда келтірілген мына жолдарға қарасақ. «Бұл мұнайды жастар мен комсомол мүшелері ғана өндірген еді. Олардың басымы көпшілігі – 14-15 жастағы өрендер. Мұнайды олар шелекпен, шүберекпен, қос уысымен жинады. Қақаған қыста адамдардың ынта-жігері деген керемет болатын». («Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Атырау облысы тарихының кейбір парақтары»). Нәтижесінде 1943 жылдың 17 сәуір күні мұнайлы эшелон Ленинградқа аттандырылып, айдың соңында Волховқа жетеді. Ал, мамырдың бас жағында діттеген қалаға кіріп, құнды жүкті табыстаған соң, 40 күн дегенде елге аман-есен оралады.

Мұнай кәсіпшіліктерінде комсомол жастардың бригадалары құрыла бастады. «Ембі кәсіпшіліктерінде жаңадан құрылған 36 майдандық жастар бригадалары жоғары октанды 1400 тонна мұнай өндірі» деген облыстық газетте келтірілген бұл дерек – қарқынды жұмыстың шынайы көрсеткішіндей.

#### САЛАҒА ЕНГІЗІЛГЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚТАР

Соғыс жылдарында жанқиярлықпен еңбек еткен мұнайшылар жаңадан Жолдыбай (1942 ж.), Комсомол (1943 ж.), Қошқар (1944 ж.), Тентексор (1944

ж.) кен орындарын іске қосты. Бұлар мұнай өндіру көлемін күрт арттыруға мүмкіндік жасаса, ескі кен орындарында қабат қайтарымын арттырудың озық әдістері іздестіріліп, өндіріске жедел енгізіле бастады.

1941 жылы Байшонас кәсіпшілігіне «Одақтың үздік кәсіпшілігі» атағы берілсе, 1943 жылы Ескене кәсіпшілігі КСРО Мемлекеттік Қорғаныс комитетінің ауыспалы Қызыл туын 9 рет жеңіп алды.

1940-45 жылдар аралығында Қазақстандағы мұнай өнімі алдыңғы бес жылдыққа қарағанда 1,4 есеге өсті. Қара алтын құны соғыс жылдарында арта түсті. Кеңес Одағында мұнай өнеркәсібінің дамуына аса



Білікті маман – Балжан Жұмағалиева



Мұнайшылар жұмыс барысында



Гурьев мұнай техникумының студенттері. 1942 ж

үлкен үлес қосқан ғалым, академик И.Губкин: «Ембі өлкесі, егер дамуына қолайлы жағдай жасалса, өзінің өндіріс қабілеті жағынан Баку мұнайына тең келетін бай аудан болып табылады» деп жазған еді. Осындай мол байлыққа ие Ембі өңірінің маңыздылығы соғыс жылдарында арта түсті.

Доссордың мұнайы майлылығы мен тұтқырлығы жөнінен Америкадағы Пенсильвания штатында өндірілетін мұнайының сапасына пара-пар келді. Мұнайға деген сұраныс бес-алты есе өсіп кеткен кезде, елдегі салалық өнеркәсіпті шұғыл дамыту мәселесі өз-өзінен туындады. Бұл бағыт да қарқынды даму жолына бағыт алды.

Алайда қойылған жоспардың барлығы орындала қоймады. Мұның басты себептерінің бірі мұнай орындарындағы электр жабдықтарының болмауы немесе үзіліп қалуы болды. 1944 жылдың қорытындысы бойынша 50% бұрғылау станоктары электр қуатының жоқтығынан тоқтап қалып, осының салдарынан бұрғылаудың жылдық көрсеткіші азайды. Қазақстан бойынша бүкіл мұнай өндіру сору әдісімен жүргізілді, сұйықтықты айдаудың үдемелі әдісі қолданылды, демек электр қуаты үдеудің маңызды драйвері болғаны анық. Осыны түсінген облыс басшылығы, 1943 жылы әрбір кенішке электр гене-

раторларын орнату жұмысын қолға алды. Бұл жоспар көрсеткішін көтерумен қатар, өнімнің өзіндік құнын арзандатуға да мүмкіндік берді.

#### МҰНАЙШЫ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҮЛЕСІ

Фашистермен шайқаста жеңіске жету жолында әйелдердің қосқан үлесі орасан зор еді. Иықтарына шаруашылықтың ауыр жүгі түсті. Олар қиындыққа қарамай, мұнай өнеркәсібінде аянбай еңбек етті. Соғыс кезінде Қазақстан мұнайы саласында еңбекке араласқан әйелдердің жалпы саны 20 %-дан 41 %-ға дейін өсті.

Соғысқа аттанған ер-

азаматтардың орнын әйелдер толтырды. Тез арада әйелдерді мұнай өндірісінің түрлі салалы жұмыстарына үйретіп, қысқа мерзімді курстарда оқытып та алды. Мысалы, соғыстың алғашқы жылында-ақ, Жылыой ауданындағы кәсіпшілікте 160 әйел өндіріске түсті. Түрлі курстарда үй шаруасындағы 163 әйел мұнай өндірісінің мамандығын үйреніп, еңбекке араласқан. Мақат ауданындағы кәсіпшілікте 327 әйел өндірісте істеген.

Осылайша майдандағы жауынгерлер ерлігін тылдағы мұнайшылар да жалғастырып жатты. Айталық, Балғаным Досбаева ер-азаматтар майданға кетіп, мұнай кәсіпшіліктерінде жұмысшылар жетіспей жатқанда, алғашқы болып, әйелдерді қара алтынды өндіруге шақырып, үндеу тастаған қазақтың қарапайым қызы болатын. Ол Одақ бойынша әйелдердің ішінен тұңғыш рет мұнай өндіру учаскесін құрып, басшылық жасады. Оның қыз-келіншектерден тұратын бригадасы жоспарды үнемі 150 пайызға асыра орындап, абырой-атақтары сол кездің баспасөз беттерінде жазылып, сонау майдандағы жауынгерлерге де жетіп жатты. Ол – КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына үш мәрте сайланған алғашқы қазақ әйелі.

Мұнайшы Балжан Жұмағалиева мұнай техникумын бітіріп, ұзақ жылдар оператор, шебер болып жұмыс істеді. Тәжірибесі молайған кезде оны облыс басшылары лауазымды қызметке өсіріп, ірі мұнай кәсіпшілігін басқартты. Балжан сенімді ақтады да, ол басқарған кәсіпшілік берілген жоспарды үнемі артығымен орындап отырды.

Еңбек жолын бала кезінде, ел басына күн туған соғыс жылдарында Мақат пен Доссор мұнай өндіру кәсіпшілігінде бастаған Жібек Сегізалиева адал еңбегімен елдің құрметіне ие болды. Жерлестері оны Қазақ Республикасы Жоғарғы Кеңесіне депутат етіп бірауыздан сайлады. «Ленин», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерінің иегері болды.

Соғыс жылдарында Доссор, Байшонас мұнай кәсіпшіліктерінде оператор болып еңбек жолын бастаған Нәбира Шағырова да өзіне тапсырылған міндетті үнемі артығымен орындады. Жеңіс келген соң да, ол мұнай кәсіпшілігінен кетпей, еңбегін зейнеткерлікке шыққанға дейін жалғастырды. Қазақтың мұнайшы қыздарының арасынан алғаш рет Нәбира Шағырова Социалистік Еңбек Ері атанды. Ленин, Еңбек Қызыл ту, Құрмет белгісі ордендерінің иегері болды.

Гурьев облысы бойынша майданға кеткен ер-азаматтарды жоқтатпай, шаруашылықтың қай саласында болсын, аянбай еңбек еткен әйел-аналар облыс көлемінде аз болған жоқ. 1941 жылдың аяғында мұнай кәсіпшілігінде жұмыс істейтін әйелдер саны 2386-ға жетті. Тіптен ең ауыр деген бұрғылау жұмысына әйелдер араласып, табандылық танытты. Мысалы, бір жылдың ішінде 132 қыз бұрғылау жұмысына тез үйреніп, тереңде жатқан мұнайлы қабаттарға із салып, ағалар ісін тоқтатпай жалғастырды. Олар: Б.Даужанова, Қ.Қаспаева, Р.Махамбетова, А.Алтаева, Ш.Тілеуғалиева, М.Байжанова, А.Құбашева, А.Власовалар... Олардың ұраны «Майдан қанша мұнай талап етсе, сонша мұнай береміз!» болды. Соның арқасында мұнай көші толастамай майданға қарай ағылып жатты. [ЕТ](#)



## СПАРТАКИАДА-2025

Салауатты өмір салтын насихаттау, корпоративтік тұтастықты дамыту мақсатында «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлері арасында жыл сайын ұйымдастырылатын спартакиада өз мәресіне жетті.

Дәстүрлі дода биыл да қызықты ойындардан, тартысты сайыстардан, жеңіс пен жеңілістен, бақ пен баптан құралды.

Спорттың 15 түрінен өткен іріктеу ойындарының жеңімпаздары «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-на қарасты еншілес мекемелер арасында өтетін Спартакиадаға қатысып, ЕМГ намысын қорғайды.

Биылғы сайыс «Жұмысшы мамандықтар жылы» және «Қайнармұнайгаз» МГӨБ 30-жылдық мерейтойына орайластырылған.



## КІЛ МЫҚТЫДА КІМ МЫҚТЫ?

## ФУТЗАЛ:

- 1 орын – «Доссормұнайгаз» МГӨБ;  
2 орын – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ;  
3 орын – «Ембімұнайэнерго» басқармасы.

## БАСКЕТБОЛ:

- 1 орын – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;  
2 орын – «Ембімұнайэнерго» басқармасы;  
3 орын – ӨТҚЖЖК басқармасы.

## ВОЛЕЙБОЛ (ЕРЛЕР):

- 1 орын – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ;  
2 орын – «Доссормұнайгаз» МГӨБ;  
3 орын – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ.

## ВОЛЕЙБОЛ (ӘЙЕЛДЕР):

- 1 орын – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;  
2 орын – «Доссормұнайгаз» МГӨБ;  
3 орын – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ.

## КИБЕРСПОРТ:

- 1 орын – «Ембімұнайэнерго» басқармасы;  
2 орын – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;  
3 орын – «Доссормұнайгаз» МГӨБ.

## БИЛБҮРД:

- 1 орын – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ;  
2 орын – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;  
3 орын – Басқару аппараты.

## ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА:

- 1 орын – Басқару аппараты;  
2 орын – «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;  
3 орын – «Доссормұнайгаз» МГӨБ.

## АРҚАН ТАРТУ:

- 1 орын – «Доссормұнайгаз» МГӨБ;  
2 орын – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ;  
3 орын – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ.

## БЕС АСЫҚ, АСЫҚ АТУ:

- 1 орын – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ;  
2 орын – «Доссормұнайгаз» МГӨБ;  
3 орын – ӨТҚЖЖК басқармасы.

## ШАХМАТ (ЕРЛЕР):

- 1 орын – Асылбек Ғалам,  
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ;  
2 орын – Білімпаз Кабдолов,  
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;  
3 орын – Ерлан Жұмағалиев,  
«Доссормұнайгаз» МГӨБ.

## ШАХМАТ (ӘЙЕЛДЕР):

- 1 орын – Орынғұл Жанаисова,  
«Доссормұнайгаз» МГӨБ;  
2 орын – Ақмарал Усалиева,  
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ;  
3 орын – Бибігүл Ұлжанова,  
«Ембімұнайэнерго» басқармасы.

## ҮСТЕЛ ТЕННИСІ (ЕРЛЕР):

- 1 орын – Қуаныш Айтуғанов,  
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ;  
2 орын – Равиль Хабасов,  
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;  
3 орын – Асылбек Ғалам,  
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ.

## ҮСТЕЛ ТЕННИСІ (ӘЙЕЛДЕР):

- 1 орын – Тамара Сабирова,  
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ;  
2 орын – Светлана Орынтаева,  
«Доссормұнайгаз» МГӨБ;  
3 орын – Гүлжайна Гумерғалиева,  
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ.

## ТОҒЫЗҚУМАЛАК (ЕРЛЕР):

- 1 орын – Ғабиден Шанқанов,  
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ;  
2 орын – Сырым Мұратов,  
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ;  
3 орын – Ақылбек Естеков,  
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ.

## ТОҒЫЗҚУМАЛАК (ӘЙЕЛДЕР):

- 1 орын – Айнұр Мендібай,  
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ;  
2 орын – Жанат Арыстанова,  
«Доссормұнайгаз» МГӨБ;

- 3 орын – Бибігүл Ұлжанова,  
«Ембімұнайэнерго» басқармасы.

## АРМРЕСТАЛИНГ (ЕРЛЕР -80):

- 1 орын – Нұрбек Сапаров,  
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ;  
2 орын – Өркен Асанбаев,  
«Ембімұнайэнерго» басқармасы;  
3 орын – Канатқали Мұқанғалиев,  
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ.

## АРМРЕСТАЛИНГ (ЕРЛЕР +80):

- 1 орын – Сырымбек Сәрсенбай,  
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;  
2 орын – Диас Қожағали,  
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ;  
3 орын – Ербол Зинураев,  
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ.

## АРМРЕСТАЛИНГ (ӘЙЕЛДЕР -65):

- 1 орын – Қарашаш Өмірзақова,  
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;  
2 орын – Айымгүл Жұмағұлова,  
«Доссормұнайгаз» МГӨБ;  
3 орын – Айнұр Тілеубева,  
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ.

## АРМРЕСТАЛИНГ (ӘЙЕЛДЕР +65):

- 1 орын – Гүлзада Габдуллина, Басқару аппараты;  
2 орын – Фариза Жанасова,  
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ;  
3 орын – Айгүл Тілегенова,  
«Доссормұнайгаз» МГӨБ.

## ЖҰЗУ (ЕРЛЕР):

- 1 орын – Ақылбай Елемесұлы,

- «Ембімұнайэнерго» басқармасы;  
2 орын – Әли Бексеитов,  
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ;  
3 орын – Еламан Еменбаев,  
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ.

## ЖҰЗУ (ӘЙЕЛДЕР):

- 1 орын – Лаура Максудова, ӨТҚЖЖК басқармасы;  
2 орын – Рысгүл Мұханбетқалиева,  
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ;  
3 орын – Дана Сауенова,  
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ.

## САДАҚ АТУ (ЕРЛЕР):

- 1 орын – Аян Тайжанов, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ;  
2 орын – Мәжит Кенжеахметов, ӨТҚЖЖК басқармасы;  
3 орын – Азамат Жарылғас,  
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ.

## САДАҚ АТУ (ӘЙЕЛДЕР):

- 1 орын – Жанар Сәрсенғалиева,  
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ;  
2 орын – Мадина Шартикова,  
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ;  
3 орын – Ризаш Токмурзиева,  
«Қайнармұнайгаз» МГӨБ.

## ЛАРТС:

- 1 орын – Ғайса Боранбаев,  
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ;  
2 орын – Жасұлан Космурзиев, Басқару аппараты;  
3 орын – Бернияз Тілемісов,  
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ.

ЖАЛПЫКОМАНДАЛЫҚ ҰПАЙ  
САНДАРЫ БОЙЫНША ЖЕҢІМПАЗДАР:

- 1 орын – «Қайнармұнайгаз» МГӨБ (762 ұпай);  
2 орын – «Доссормұнайгаз» МГӨБ (728 ұпай);  
3 орын – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ (716 ұпай).



«Ембімұнайгаз» АҚ-ның әлеуметтік желілердегі парақшаларына тіркеліңіздер!



Telegram - «Ембімұнайгаз» АҚ



Instagram - @embamunaigas.kz



TikTok - @embamunaigas



Facebook - Ембілік Мұнайшы



You tube - «Ембімұнайгаз» АҚ



«Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:  
Қоғаммен байланыс тобы

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2024 жылғы 18 қаңтарда № KZ69VPY00085699 күйі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.

Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.  
G.Karajanova@emg.kmg.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166  
I.Satylganova@emg.kmg.kz

Г.Амирова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309  
G.Amirova@emg.kmg.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Р.Тасмағамбетова – Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Қ.Әбенев – Бас директордың кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Кенжехорұлы – Аппарат жетекшісі;

Ә.Каримов – Еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры;

Т.Сәрсенов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Ғ.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Ж.Дәуітов – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.